

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 304 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қазандағы N 991 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы № 1177 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.09 № 1177 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мемлекеттік монополия субъектілерінің және осы субъектілер монополиялық жағдайда болатын салалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 304 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 14, 164-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік монополия субъектілерінің және осы субъектілер монополиялық жағдайда болатын салалардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 18-жолмен толықтырылсын:

"18. Объектілер мен кешендер Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және құрылысының жобаларына және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мемлекеттік сараптама жүргізу істері комитетінің "Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі